

ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы	ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02
--	---	---------------------------------

БЕКІТІЛДІ
«М. Әуезов атындағы ОҚУ»
БАСҚАРМА ШЕШІМІМЕН
2026ж. «19» 03 № 3 хаттама

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
«ZHAS GALYM» ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ)
ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА
АРНАЛҒАН УНИВЕРСИТЕТІШЛІК КОНКУРС ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026

Тіркеу № 244
Көшірме № _____

<p>Өзірлеген: К және КД директоры <u>[Signature]</u> Б.Смайлов «<u>16</u>» <u>03</u> 2026 ж.</p>	<p>Келісілді: Басқарма мүшесі, ҒЖ және И жөніндегі проректоры <u>[Signature]</u> А.Жанибеков «<u>23</u>» <u>03</u> 2026 ж.</p> <p>Ғ және ИҚ жөніндегі проректор орынбасары <u>[Signature]</u> Б.Асилбеков «<u>23</u>» <u>03</u> 2026 ж.</p> <p>Стратегиялық даму департаментінің директоры <u>[Signature]</u> С.Джунусбекова «<u>20</u>» <u>03</u> 2026 ж.</p> <p>Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарма басшысы <u>[Signature]</u> Е.Аханов «<u>20</u>» <u>03</u> 2026ж.</p> <p>КД директоры-Бас бухгалтер м.у.а. <u>[Signature]</u> Б.Т. Кемелшаева «<u>20</u>» <u>03</u> 2026 ж.</p>	<p>Енгізілді: Бұйрық № <u>145-нқ</u> Енгізу күні «<u>30</u>» <u>03</u> 2026ж.</p>
--	---	---

<p>ҚР ҒжБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы</p>	<p>ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 2-беті</p>
---	---	---

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Терминдер мен анықтамалар	3
4. Белгілеулер мен қысқартулар	4
5. Жауапкершілік және өкілеттіліктер	5
6 Процестерді сипаттау	5
А қосымшасы. Өтінім беру	10
Б қосымшасы. Сұратылған қаржыландырудың негіздемесінің үлгісі	11
В қосымшасы. Келісімшарт үлгісі.....	13
Г қосымшасы. Қаржылық есеп	18
Д қосымшасы. Танысу парағы.....	19
Е қосымшасы. Өзгерістерді тіркеу парағы	20

<p>ҚР ҒжБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы</p>	<p>ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 3-беті</p>
---	---	---

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы бағытта ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған «Zhas galym» университетішілік конкурстың жалпы талаптарын белгілейді.

1.2 Осы Ереже ОҚУ-нің сапа менеджменті жүйесінің (СМК) құжаттамасының құрамына кіреді.

1.3 Ереже бекітіліп, күшіне енгеннен бастап жазбаша түрде Басқарма төрағасы – ректордың рұқсатынсыз үшінші тарап ұйымдарына берілмейді.

1.4 Осы Ереже барлық құрылымдық бөлімшелер, қызметтер, кеңестер және лауазымды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1. ҚР СТ ISO 9000-2017 сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

ҚР СТ ISO 9001-2016 сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

Ғылым және технологиялық саясат туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ.

МЕМСТ 15.101-98 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау тәртібі. МЕМСТ 7.32-2017 Ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. Құрылымы мен тіркелу ережелері.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Еңбек кодексі».

МЕМСТ 12.2.100-2014 Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 ақпандағы № 14-04-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Рәсім. Құжаттаманы басқару.

ОҚУ СМЖ ПР 4.01-2023 «Сапа менеджменті жүйесі. Рәсім. Құжатталған ақпаратты басқару».

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде терминдер мен анықтамалар СТ РК ISO 9000 стандартына сәйкес қолданылады және қосымша мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Университетішілік конкурс: Жас ғалымдардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларын гранттық қаржыландыру мақсатында университет деңгейінде өткізілетін іріктеу рәсімі.

«Zhas galym» бағдарламасы: 40 жасқа дейінгі зерттеушілердің ғылыми әлеуетін дамытуға және халықаралық ғылыми кеңістікке кірігуіне бағытталған гранттық қолдау бағдарламасы.

Қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмысы (ҚҒЗЖ): Жаңа ғылыми нәтижелер алуға, өнімді немесе технологияны әзірлеуге (жаңғыртуға)

ҚР ҒжБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы	ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 4-беті
--	--	--

бағытталған іргелі, қолданбалы, теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер кешені.

Грант: Ғылыми жобаны іске асыру үшін университет тарапынан қайтарымызсыз негізде бөлінетін қаржылай қаражат.

Ғылыми жоба: Мақсаты, міндеттері, іске асыру мерзімі, қаржыландыру көлемі және күтілетін нәтижелері айқындалған ғылыми-зерттеу жұмысы.

Жоба жетекшісі: Конкурса өтінім беретін және жобаның орындалуына, қаржылық тәртібіне және нәтижесіне толық жауапты тұлға.

Конкурстық комиссия: Өтінімдерді қарастыратын және грант иегерлерін анықтайтын алқалы орган.

Іргелі зерттеу: Табиғат, қоғам және ойлау заңдылықтары туралы жаңа білім алуға бағытталған ғылыми зерттеу.

Қолданбалы зерттеу: Нақты практикалық міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми зерттеу.

Тағылымдама: Ғылыми біліктілікті арттыру және бірлескен зерттеу жүргізу мақсатында шетелдік ұйымдарда уақытша ғылыми қызмет атқару кезеңі.

Күнтізбелік жоспар: Жобаны іске асыру кезеңдерін, мерзімдерін және күтілетін нәтижелерін айқындайтын құжат.

Қаржылық есеп: Бөлінген грант қаражатының мақсатты әрі тиімді пайдаланылғанын растайтын есептік құжат.

Күтілетін нәтиже: Жоба аяқталғаннан кейін алынуы тиіс ғылыми өнім (мақала, келісім, есеп, ғылыми-техникалық шешім және т.б.).

Web of Science (WoS) және Scopus: әлемдегі ең беделді ғылыми дәйексөздік (citation) деректер қорлары. Екеуі де ғылыми мақалаларды индекстеу, журнал сапасын бағалау және зерттеушінің ғылыми көрсеткіштерін есептеу үшін қолданылады.

Өтінім: грант, ғылыми жоба немесе тағылымдамаға қатысу үшін ресми түрде берілетін құжаттар топтамасы. Ол жобаның маңыздылығын, жаңашылдығын және орындалу мүмкіндігін дәлелдеуі керек.

4. Белгілеулер мен қысқартулар

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

ҚР – Қазақстан Республикасы

ОҚУ – Оңтүстік Қазақстан университеті;

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

МЕСТ – мемлекеттік стандарт;

ПР- процедуралық рәсім;

ҚҒЗЖ – қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмысы;

НҚ – нормативтік құжаттар;

<p>ҚР ҒжБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы</p>	<p>ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 5-беті</p>
---	---	---

ҒЖБССҚК – Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті;

ЖОО – жоғары оқу орны;

ЖЖОКБҰ – Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

5. Жауапкершілік және өкілеттіліктер

5.1 Осы Ереже М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Басқарма шешімімен бекітіледі.

5.2 Ережеде көрсетілген талаптарды енгізу және басқару жауапкершілігі Ғылыми жұмыстар мен инновациялар жөніндегі Басқарма мүшесіне жүктеледі.

5.3 Ережедегі талаптардың заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз ету жауапкершілігі құжат әзірлеушіге жүктеледі.

5.4 Жоспарлау процесінің нақты кезеңдерін орындау және соңғы нәтижелердің сапасы үшін жауапкершілік сол кезеңді жүзеге асыратын процесс жетекшілеріне жүктеледі.

5.5 Ережеге енгізілетін өзгерістер КжКД директоры арқылы енгізіледі және міндетті түрде «Өзгерістерді тіркеу парағына» (Қосымша Е) белгіленеді.

6 Процестерді сипаттау

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Конкурстың мақсаты – жоғары білікті және бәсекеге қабілетті зерттеушілерді қалыптастыру, дарынды жастарды ғылымға тарту, жас зерттеушілердің үлесін арттыру және жас ғалымдардың ғылыми бастамаларын ынталандыру.

6.1.2 Жыл сайынғы жалпы қаржыландыру көлемі Басқарма шешімімен айқындалады.

6.1.3 Жас ғалымдардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларын қаржыландыруға арналған «Zhas galym» университетішілік конкурсының грант иегерлерін анықтайтын конкурстық комиссия Басқарма төрағасы–ректордың бұйрығымен құрылады.

6.1.4 Конкурстық комиссияға және өтінімдерге қойылатын талаптар «Zhas Galym» университетішілік ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыру конкурсы туралы Ережеде белгіленген.

6.1.5 Гранттар жас ғалымдардың шығындарын қаржыландыру - шетелдік ғалымдармен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында шетелдік тағылымдамадан өту және зерттеу нәтижелерін рецензияланатын ғылыми басылымдарда жариялау.

6.1.6 Конкурстың басым бағыттарының атаулары:

- экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану;
- энергия, озық материалдар және көлік;

<p>ҚР ҒжБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы</p>	<p>ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 6-беті</p>
---	---	---

- озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар;
- елдің зияткерлік әлеуеті;
- өмір және денсаулық туралы ғылым;
- агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту.

6.2 Ғылыми жетекшіге қойылатын талаптар

6.2.1 Жасы 40 жастан аспаған (өтінім берген сәтте қоса алғанда);

6.2.2 Философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты) болуы (*шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді*) немесе докторантура бағдарламасының толық курсы бітірген тұлға болуы (өтінім берген сәтте);

6.2.3 Жоба жетекшісінің жоба берілетін ғылым бағыты бойынша 2020-2025 жылдары мынадай жарияланымдары болуы тиіс:

Техникалық ғылымдары (жаратылыстану, медицина, ауыл шаруашылығы және ветеринария) салалары үшін:

- Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) және (немесе) 3 (үшінші) квартильге кіретін, Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және (немесе) Scopus базасында Citescore бойынша 35-тен кем емес процентиі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда жобаның ғылыми бағытына сәйкес кемінде 1 (бір) мақала және (немесе) шолу;

Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы салалар үшін:

- Web of Science базасында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) және (немесе) 3 (үшінші) квартильге кіретін, Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және (немесе) Scopus базасында Citescore бойынша 25-тен кем емес процентиі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда жобаның ғылыми бағытына сәйкес кемінде 1 (бір) мақала және (немесе) шолудан кем емес екендігін растайтын анықтама.

Растайтын анықтама Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшесі арқылы беріледі.

6.2.4 Талаптарға сәйкес келетін отандық және/немесе шетелдік консультанттары болуы:

- қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор атағына ие болу немесе ғылыми дәрежесі докторлық, кандидаттық, PhD немесе профиль бойынша доктор болу;

- ғылыми тәжірибесі кемінде 5 жыл;

- кеңесшінің ғылыми бағыты жобаның тақырыбына сәйкес болуы.

Бір жеке тұлға бір конкурс аясында екі өтінім берушіден артық кеңесші бола алмайды.

<p>ҚР ҒжБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы</p>	<p>ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 7-беті</p>
---	---	---

6.2.5 Осы конкурсқа бұрын өткізілген конкурстарда немесе университетішілік «Zhas galym» конкурсында Ғылым комитеті тарапынан қаржыландыруға мақұлданған жобалары бар жас ғалымдар қатыса алмайды.

6.3 Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар

6.3.1 Өтінім **Қосымша А** бойынша рәсімделеді және келесі элементтерді қамтиды:

- аннотация;
- түсіндірме жазба;
- жобаның жалпы тұжырымдамасы;
- сұралған қаржыландырудың есептеуі.

6.3.2 Конкурсқа қатысуға өтінім **А-қосымшаға** сәйкес жасалады. Аннотация мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, ал түсіндірме жазба және сұратылып отырған қаржыландыру есебі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады;

6.3.3 Биоэтика мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) орталық комиссияның оң қорытындысы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін).

6.3.4 Шетелдік ғылыми консультанттың (бар болған жағдайда) ұйымның ресми бланкісінде электрондық поштаның ресми жұмыс мекенжайын (ұйымның ресми доменінен) және пошталық мекенжайын көрсете отырып, қол қойылған келісімі.

6.3.5 Докторанттың докторантура білім беру бағдарламасын игеруін аяқтағанын растайтын Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі-ЖЖОКБҰ) құжаты (докторантура білім беру бағдарламасын аяқтаған, бірақ докторлық диссертациясын қорғамаған тұлғалар үшін) – ЖЖОКБҰ бірінші басшысы қол қойған PhD докторантураның толық курсы менгерген докторантты оқудан шығару туралы елтаңбалы мөрмен куәландырылған бұйрықтың көшірмесі немесе үзінді.

6.3.6 Өтінім академиялық және зерттеу этикасы принциптеріне сәйкес болуы тиіс.

6.3.7 Жобаны жүзеге асыру мерзімі – 12 ай.

6.4 Конкурсқа өтінім беру процесі

6.4.1 Өтінім беруші өтінімді Кәсіпкерлік және коммерциализациялау департаментіне электрондық және қағаз нысанда ұсынады (өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін ұсынуы міндетті).

6.4.2 Өтінімдер келесі жағдайларда қабылданбай, өтінім берушіге қайтарылады:

- өтінімнің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес рәсімделмеуі және қажетті құжаттардың берілмеуі;
- жоба жетекшісі мен ғылыми кеңесшілердің «Zhas Galym» университетішілік конкурсы Ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

<p>ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы</p>	<p>ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 8-беті</p>
---	---	---

- күтілетін нәтижелердің «Zhas Galym» университетішілік конкурсы Ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

- биомедициналық зерттеулерде орталық немесе жергілікті этика және биоэтика комиссияларының оң қорытындысының болмауы (адамдар мен жануарлар зерттеулері үшін);

- шетелдік кеңесшінің қол қойған келісімін ұсынбау (қажет болған жағдайда);

- докторантура бағдарламасын аяқтаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған тұлғалар үшін ЖЖОКБҰ беретін құжаттың болмауы

6.4.3 Бөлінетін қаржыландыру жоспары өтінім беруші тарапынан **Қосымша Б-ға** сәйкес ұсынылады.

6.4.4 Өтінімдер тек **Қосымша А** талаптарына сәйкес құжаттар ұсынылған жағдайда қабылданады.

6.5 Қаржыландыру

6.5.1 Жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына университет тарапынан жыл сайынғы жалпы қаржыландыру көлемі Басқарма шешімімен бекітілген сомамен анықталады.

6.5.2 Гранттық қаржыландыру қаражатын жоба жетекшісі бөледі.

6.5.3 «Zhas galym» конкурсы шеңберіндегі университетішілік гранттық қаржыландыру қаражаты тек өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығындарға бағытталуы тиіс. Өтінім осы Ереженің талаптарына сәйкес дайындалуы керек.

6.5.4 Қаржыландыруға арналған университетішілік конкурстың жеңімпаздарымен **В қосымшасына** сәйкес ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асыру үшін келісімшарт жасалады.

6.5.5 Қаржыландыру қаражатын тиімсіз және негізсіз пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоба жетекшісінің жауапкершілігінде болады.

6.5.6 Бөлінген қаражат жобаға **Қосымша В-да** көрсетілген жартыжылдық жоспарға сәйкес шетелдік тағылымдама шығындарына және мақаланы баспаға ұсыну мақсаттарына пайдаланылады.

6.5.7 Жоба жетекшісі аралық (6 айда) орындалған жұмыстар актісі және қорытынды есепті белгіленген тәртіппен ұсынады.

6.5.8 Күнтізбелік жоспарда бекітілген тапсырмалар уақытында орындалмаса, грант қаржыландыруы мерзімнен бұрын тоқтатылуы және қаражат толық қайтарылады.

<p>ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы</p>	<p>ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 9-беті</p>
---	---	---

6.6 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар

6.6.1 Жас ғалым шетелдік ғалымдармен ортақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін шақырту қағазы негізінде шетелдік тағылымдамадан 10 күннен кем емес өтуі тиіс.

6.6.2 Жас ғалым шетелдік ғалымдармен ортақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ынтымақтастық және серіктестік орнату мақсатында келісім, келісімшарт және меморандум құжаттарын рәсімдеу тиіс.

6.6.3 Жас ғалым ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде Web of Science дерекқорындағы импакт-фактор бойынша алғашқы 2 квантильдегі (Q1, Q2) немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша кемінде 50 процентілі бар журналдарда кемінде 1 (бір) зерттеу мақаласын (шолу емес) жариялауы тиіс.

6.6.4 Қаржыландыру алушы қаржылық есеп пен жасалған ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі жылдық есепті осы Ережеде белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынуы тиіс.

6.6.5 Жоба барысында және (немесе) аяқталғаннан кейін алынған ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелері мақала және қосымша материалдар (конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, және т.б.) жариялау кезінде авторлар жобаның ЖТН және қаржыландыру көзін (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті) көрсете отырып, алынған грантқа міндетті түрде сілтеме жасауға тиіс. Ағылшын тілді жарияланымдардағы қаржыландыру туралы мәтін мынадай болуы тиіс: «This research has been/was/is funded by the South Kazakhstan research university named after M.Auezov (Grant No. ZhG 00000000)», мұнда «ЮКУ2025-000» – жобаның ЖТН.

ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы	ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 10-беті
--	---	---

А қосымшасы (міндетті)

Өтінім беру үлгісі

Ф.8.21-01

«Zhas galym» университетішілік конкурсына жас ғалымдардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларын гранттық қаржыландыру үшін өтінім

1. Аннотация

Жобаның мақсатын, міндетін және күтілетін нәтижелерін қысқаша сипаттау.

2. Түсіндірме жазба

1. Жоба тақырыбы
2. Ғылымды дамытудың басым бағыты
3. Зерттеу түрі
4. Жобаның басталуы мен аяқталуының болжамды күні
5. Гранттық қаржыландырудың сұратылған сомасы (жобаны іске асырудың барлық мерзіміне және жылдар бойынша, теңгемен).
6. Кілт сөздер

3. Жобаның жалпы тұжырымдамасы

1. Кіріспе бөлім
2. Жобаның мақсаты
3. Жобаның міндеттері
4. Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы
5. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер
6. Жобаны басқару
7. Зерттеу ортасы
8. Сұратылған қаржының негіздемесі
9. Жобаны іске асыру жоспары
10. Күтілетін нәтижелер
11. Библиография

ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы	ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 11-беті
--	---	--

Б қосымшасы (міндетті)

Ф.8.21-02

Сұратылған қаржыландырудың негіздемесі

Кесте 1 - Сұратылатын сома бойынша шығыстардың жиынтық сметалық есеп-қисабы

Р/с №	Шығыстар бабының атауы	Шығындар, теңге
1.	Шетелдік тағылымдама	
2.	Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу	
	Барлығы	

2-кесте – Қызметтік тағылымдама

Р/с	Межелі пунктi (ел, қала, елді мекен атауы)	1 адамға арналған тәуліктік шығыстарды өтеу нормасы (2 х айлық есептік көрсеткіш)(тг)	1 адамға арналған тәулігін е тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар нормасы	Тәуліктік шығыстар есептеу үшін орташа жылдық адам/күн саны (адам/күн)	Тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығысты есептеу үшін орташа жылдық адам/күн саны (адам/күн)	Тағылымдамаға жіберілетін адамдардың орташа жылдық саны (адам)	Бір рет екі жаққа да жол жүрудің орташа құны (теңге)	Шығыстар сомасы (мың теңге) (3-бағ x 5-бағ + 4-бағ x 6-бағ + 7-бағ x 8-бағ)/1000
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	2026 жыл барлығы							
1.1								
1.2								
Барлығы								

ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы	ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 12-беті
--	---	---

3-кесте – Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу

P/c	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Бірлігіне құны, тг	Жалпы құны, теңге (4-бағ . 5-бағ)
1	2	3	4	5	6
1	2026 жыл барлығы				
1.1					
1.2					
Барлығы					

Кесте 4 – Күнтізбелік жоспар

№ р/с	Міндеттерді және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі		Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер
		Басталуы	Аяқталуы	
20 жыл				

ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы	ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 13-беті
--	---	--

В қосымшасы (міндетті)

Ф.8.21-03

№ _____ келісімшарт «Zhas galym» жас ғалымдардың университетішілік ғылыми, ғылыми-техникалық жобасын іске асыру

Шымкент қ.

«__» _____ 20__ жылдан

М.Әуезов атындағы «Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан 2026 жылғы «__» _____ №__-нқ бұйрығының негізінде әрекет ететін Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор _____ бір тараптан, және _____ бұдан әрі Орындаушы деп аталатын екінші тараптан, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы бюджет кодексінің 96-бабы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексінің, Ғылым және технологиялық саясат туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ., М.Әуезов атындағы ОҚУ КеАҚ Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығы _____ негізінде 2026 жылға арналған «Zhas galym» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін университетішілік қаржыландырудың конкурстық құжаттамасын бекіту туралы және конкурстық комиссияның шешімдері (№__ хаттама _____ 202__ жылдан) негізінде осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады:

1. Шарттың мәні

1.1 Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы өзіне жалпы қаражат көлемі _____ болатын жобаны іске асырудың барлық кезеңінде, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруға арналған университетішілік «Zhas galym» конкурсы жұмыстарын орындау міндеттерін жылдарға бөле отырып алады. «Zhas galym» университетішілік конкурсы бойынша міндеттемелерді тапсырады, ал орындаушы өзіне қабылдайды _____ жобаны іске асырудың барлық мерзіміне (_____) теңге 00 тиын, жылдар бойынша бөле отырып:

2026 жылға қаржыландыру сомасы шегінде _____ (_____) теңге, 00 тиын.

тақырыптар бойынша:

- 1);
- 2);
- 3);

1.2 Гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асырудың негізгі кезеңдерінің мазмұны, орындалу

ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы	ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 14-беті
--	--	---

мерзімдері мен нәтижелері жұмыстардың күнтізбелік жоспарына және орындаушының гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық өтініміне сәйкес күтілетін нәтижелерімен және конкурстық құжаттаманың тиісті талаптарымен айқындалады.

1.3 Төменде көрсетілген құжаттар мен шарттар осы келісімшартты құрайтын оның ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1) Осы Келісімшарт;
- 2) Жұмыстың күнтізбелік жоспары (1.1–1.9-қосымшалар);
- 3) Гранттық қаржыландыру бойынша бөлінген қаражатты пайдалану туралы есеп (2.1–2.9-қосымшалар).

2. Ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы

2.1 Күнтізбелік жоспардың 2-тармағында көрсетілген біліктілік белгілері бойынша ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштері, шарттың 1.1–1.9-қосымшаларына сәйкес орындалады.

3. Келісімшарттың жалпы құны және төлем шарттары

3.1 Келісімшарттың жалпы сомасы жобаны іске асырудың барлық мерзімі үшін (_____) теңге, _____ тиын, төмендегі жобалар бойынша бөле отырып:

- 1);
- 2);
- 3);

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындардың құнын қоса алғанда.

3.2 Тапсырыс беруші Орындаушының жұмысының төлемін төмендегідей тәртіпте төлейді: Тапсырыс беруші осы шарт тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті жылға қаржыландыру сомасының 50% алдын ала төлеуді жүзеге асырады.

Келесі төлем Орындаушы ұсынған төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына және Тараптардың орындалған жұмыстар туралы актісіне қол қойған күннен соң алынған алғашқы төлемге сәйкес пропорционалдық жүйе бойынша төленеді.

Тапсырыс берушінің шарт бойынша тиісті қаржы жылының соңына түпкілікті төлемі Орындаушы күнтізбелік жоспарға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет есебін ұсынғаннан кейін төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.3 Қаржыландыру көзі: ОҚУ бюджеттен тыс қаражаты.

3.4 Орындаушы және бірлесіп орындаушылар өздеріне тиісті рет бойынша бухгалтерлік есеп және жұмыстың әр кезеңдеріндегі жасалған нәтижені құнына заңнамалық тәртіппен нақты талдау жасауға міндетті.

<p>ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы</p>	<p>ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 15-беті</p>
---	---	--

3.5 Салық кодексінің 394-бабының 40) тармақшасына сәйкес Орындаушы қосылған құн салығынан босатылады.

4. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

4.1 Орындаушылар Тапсырыс берушіге жоба аяқталғаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы аралық (6 айда) орындалған жұмыстар актісі және қорытынды есепті ұсынады.

4.2 Орындаушы Тапсырыс берушіге бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепті ұсынады. Орындаушы жоба аяқталғаннан кейін бөлінген қаражатты пайдалану туралы есепте көрсетілетін мәліметтердің дұрыстығын және заңдылығын қамтамасыз етеді.

4.3 Гранттық қаржыландыру жөніндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жоба мерзімінен бұрын іске асырылған жағдайда Тапсырыс беруші жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және төлеуге құқылы. Егер ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыру процесінде теріс нәтиже алудың сөзсіздігі немесе ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны одан әрі орындаудың орынсыздығы анықталса, Орындаушы жұмысты тоқтатқаннан кейін бес күн мерзімде Тапсырыс берушіге хабарлай отырып, оларды тоқтатуға міндетті. Бұл жағдайда Тараптар конкурстық комиссияның шешімдерін алу арқылы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны жалғастырудың орындылығы мен бағыттары туралы мәселені қарауға міндетті.

4.4 Ғылыми жұмысты жариялау кезінде, жоба барысында және (немесе) аяқталғаннан кейін авторлар алынған университетішілік грантқа оның нөмірін және қаржыландыру көзін (М.Әуезов атындағы ОҚУ) көрсете отырып сілтеме жасауға міндетті.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1 Келісімшартта көзделген міндеттемелер орындалмаған кезде Тараптар заңнамада белгіленген шарттарда және тәртіппен жауапты болады.

5.2 Гранттық қаржыландыру қаражаты өтінім беруші ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаға тікелей жетекшілік ету үшін тағайындайтын жобаның грант иеленушілеріне бөлінеді.

Қаражат үнемделген жағдайда жоба жетекшісі қаражатты шығындардың бір бабы шеңберінде қайта бөледі не қаражатты күнтізбелік жылға бекітілген жалпы көлем шеңберінде шығындардың баптары арасында қайта бөледі.

5.3 Гранттық қаржыландыру қаражаты заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға тікелей байланысты шығыстарға жіберіледі.

<p>ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы</p>	<p>ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 16-беті</p>
---	---	--

5.4 Гранттық қаржыландыру қаражаты тиімсіз және негізсіз пайдаланылған жағдайда Орындаушы заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

6. Басқа шарттар

6.1 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың іске асырылу барысына және олардың нәтижелілігіне, сондай-ақ жүргізілетін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалардың нәтижелілігіне мониторинг жүргізу қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

6.2 Келісімшарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

6.3 Келісімшарт екі данаға, бірдей заңды күші бар Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды.

6.4 Осы келісімшартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдермен рәсімделеді.

7. Тараптардың заңды мекен-жайлары

Тапсырыс беруші:

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5
БИН 990 240 005 557
ИИК KZ60601A291010897041
Кбе 16
«Халық банк» АҚ

Орындаушы:

Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

_____ **ТАӘ**

М.О.

ҚР ҒЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы	ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 17-беті
--	---	---

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

1. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

1.1 Жоба тақырыбы бойынша: _____

1.2 Жобаның жалпы сомасы _____ (_____) теңге.

2. Біліктілік белгілері бойынша ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштері

2.1 Жұмыс бағыты:

2.2 Қолдану саласы:

2.3 Соңғы нәтиже:

– 202__ жылға:

2.4 Патентке қабілеттілік:

2.5 Ғылыми-техникалық деңгейі (жаңалық):

2.6 Ғылыми-техникалық өнімді пайдалану жүзеге асырылады:

2.7 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін пайдалану түрі:

3. Жұмыстардың атауы, оларды іске асыру мерзімдері және нәтижелері

Кезең тапсырмасының шифры	Шарт бойынша жұмыстардың атауы және оны орындаудың негізгі кезеңдері	Орындау мерзімі		Күтілетін нәтиже
		басталуы	аяқталуы	
202 жыл				
1				
2				

Тапсырыс беруші:

«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КеАҚ
Ғылыми жұмыс және инновациялар
жөніндегі проректоры

Орындаушы:

_____ ТАӘ

М.О.

ҚР ҒжБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	Сапа менеджменті жүйесі Ереже. «Zhas galym» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетішілік конкурсы туралы	ОҚУ СМЖ Е 8.21-2026 Нұсқа 02 20-беттің 18-беті
--	--	---

Г қосымшасы (міндетті)

Қаржылық есеп үлгісі

Ф. 8.21-04

№ р/с	Шығындар бабының атауы	Бекітілген сома	Іс жүзінде жұмсалған сома	Ауытқу (ба.3 – ба.4)	Растайтын құжаттардың атауы	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7
1	Шетелдік тағылымдама					
2	Ғылыми- ұйымдастырушылық сүйемелдеу, өзге де қызметтер мен жұмыстар					
	Барлығы					

